



ӘДІЛ СОТ

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАВОВОЙ ЖУРНАЛ



Канат АРТЫҚБАЕВ:

«ГЛАВНЫЙ ПОКАЗАТЕЛЬ –
ДОВЕРИЕ ГРАЖДАН И СУБЪЕКТОВ
ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА
К ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОРГАНОВ
ФИНАНСОВОЙ ПОЛИЦИИ»

(читайте на стр. 36)

2'14

НАУРЫЗ • СӘУІР

МАРТ • АПРЕЛЬ

жеткілдік деңгөнде жаңы салынған технологиялардың көмекшілігінен көзін атқаруға мүмкін болады. Оның орталықтық маңыздылығынан да жаңы технологиялардың көмекшілігінен көзін атқаруға мүмкін болады.

Однак шындықтағандағы әдебиеттегі мәғлұмтардың негізінен тұжырымдар мен ғылыми мәселеңдерден жарияланғанда, олардың көзін атқаруға мүмкін болады. Оның орталықтық маңыздылығынан да жаңы технологиялардың көмекшілігінен көзін атқаруға мүмкін болады.

Казақстан дамуының 2050 жылға дейінгі стратегиялық бағдарламасында дүниенің өркендер өсken, ең байыған 30 мемлекетінің қатарына кіру міндетке алынып отыр.

«Казақстанның сот жүйесі алдыңғы қатарда болуы қажет. Барлық құқық қорғау органдары ішінен ең жоғары тұрганы Жоғарғы Сот болып табылады. Жоғарғы Соттың абыройы – Казақстанның абыройы, жалпы биліктің абыройы» – деп, Елбасы Н.Назарбаев Қазақстан Республикасы судьяларының VI съезінде сот жүйесінің алдына ұлттық сот жүйесінің Қазақстан–2050 стратегиясы аясындағы міндеттерін қойды. Оның ішінде «сот төрелігіне азаматтардың қалың тобы қол жеткізуің қамтамасыз ету маңызды», – деді Елбасы.

Қазақстан Республикасының сот жүйесінде ақпараттық технологияларды дамытудың және оларды қолдануды одан өрі кеңейтудің негізгі бағыттары Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 16 наурыздағы № 573 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде анықталған.

Ақпараттық технологиялар соттардың қызметінде

Жазира АБДРАХМАНОВА,

Қараганды облысы

**Қарқаралы аудандық сотының
бас маманы**

Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы қабылданған соң, мемлекеттік органдарында, сондай-ақ сот жүйесінде бірынгай электрондық құжат айналымы негізінде ақпараттық жүйелерді қалыптастыру жұмыстары басталды.

Республика соттарының сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі қызметі, қаралған істер бойынша қабылданған сот актілері, сотқа түскен шағымдар мен арыздарды қараша нәтижелері мен мерзімдері туралы және тағы да басқа көптеген мәселелер бойынша жедел өрі сапалы ақпарат алу қажеттілігін Жоғарғы Соттың электрондық құжат айналымы жүйесінің әзірлеуіне және енгізуіне ықпал етті.

Жоғарғы Сотымен «электрондық Үкімет» Мемлекеттік бағдарламасын қалыптастыру үқсастығымен 2003 жылдың 9 желтоқсанында ҚР СО БААТЖ бағдарламасының құрылудымен дамыту тұжырымдамасы бекітілді. 2007 жылы республикамыздың барлық соттарында БААТЖ бағдарламасы енгізіліп, ақпараттық, техникалық шешімдер соттарда орын тапты.

БААТЖ жүйесінің құрамдас бөліктері арқылы сот органдарында мынадай мәселелер шешіледі:

- соттардың сот төрелігін жүзеге асыруы жөніндегі қызметтің толық есепке алу;

- арыздарды, істерді, шағымдарды қараяу, сот актілерін жасау және тапсыру мерзімдері бойынша сот кеңселері мен судьялардың жұмысын сот жүйесінің әртүрлі деңгейлерінде бақылау;

- бірінші сатыдағы судьялардың сот төрелігін жүзеге асыру сапасын есепке алу;

- Республиканың бүкіл сот жүйесінде электрондық құжат айналымының толық циклін үйімдастыру (дайындау, қолбелгі қою, құжатты түзету, құжатқа қол қою, сот жүйесінің басқа органына жіберу);

- Республика соттары шығарған сот актілерінің деректер банкіне Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Интернет-ресурсы арқылы кіруді үйімдастыру;

- мемлекеттік және құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасаудың қағазсыз технологияларына көшу.

Біріншіден, кіріс құжаттарының, оның ішінде сот істерінің есебін автоматтандырылғаны оларды судьяларға автоматты түрде бөлу процесі енгізілді. Бүгінгі күні барлық сатыларда талап арыздар, өтініштер, азаматтық, қылмыстық істер, әкімшілік құқық бұзушылық туралы материалдар кеңсеге түсіп тіркелгенде, автоматты түрде арнайы бағдарлама бойынша судьялардың арасында жүктемелері есепке алынып, бөлінеді. Сонымен, автоматты бөлу өдісі істердің судьялардың арасында тең бөлінуіне, тараптар істің қай судьяға түсетінін білмеуіне, сондай-ақ сыйайлас жемқорлықтың алдын алу шараларының біріне жатады.

Электрондық жүйе озық технологияларды сот төрелігін атқару барысында,

яғни сот процесінде қолдануға мүмкіншілік береді, атап айтқанда сот отырысында дыбыстық, бейнежазба құралдарын сот отырысында қолдану енгізіліп келеді.

Соттың мәжіліс залында дыбыстық, бейнежазба құралдарын қолдану Азаматтық іс жүргізу кодексінің 257-бабымен, Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 328-бабымен, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстық істер бойынша сот ісін жүргізу жариялышының принципін соттардың сақтауы туралы» 2002 жылғы 6 желтоқсандағы № 25 және «Азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу жариялышының принципін соттардың сақтауы туралы» 2005 жылғы 28 қазандағы № 5 нормативтік қаулыларымен реттеледі.

Сот отырысының хаттамасы – сот отырысының маңызды бөлігі. Хаттаманың мүмкіндігінше сөзбе-сөз жазылуды талап етіледі. Сот процесіне қатысушылардың хаттамаға түскен жазбаларына ескертпелер түскен жағдайда дыбыстық, бейнежазба материалдарын зерделеп, хаттамаға өзгерістер және толықтырулар енгізуге мүмкіншілік береді.

2012 жылы Қарағанды облысы бойынша мамандандырылған ауданаарлық экономикалық сотында сот мәжілісінің «Электронды хаттама» pilotтық жобасы қағаз жүзіндегі хаттаманы жоюмен енгізілді. Электронды хаттама жұмыс барысында қолданып, техникалық кемшіліктер, әрі қарай жетілдіру мәселелері анықталды. Ең бастысы – электронды хаттаманың жазылу сапасы және сақтау нысанасы алаңдататындей. Бірден БААТЖ бағдарламасы арқылы электронды хаттаманы жазып сақтау мәселе тиімді жолымен шешілсе, барлық сатыдағы соттарға бірден озық нысанасын енгізуге мүмкіншілік пайда болатыны анық.

Елбасы Қазақстан Республикасы судьяларының VI съезінде «Соттың іс

қарауы хаттамасын толық және сапалы қамтамасыз ететін тетік ретінде сот үдерістерінің электронды тіркелімін жаппай енгізген жөн. Бірінші инстанциядағы барлық соттарды бейнеконференция байланысымен қамтамасыз ету қажет, бұл сот төрелігін қашықтан жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сотқа жүгінген адамдар өздерінің құқығын қорғауда аумақтық тұрғыдағы және үйымдастырылған кедергілерге тап болуға тиіс емес», – деген болатын.

Олай болса, заманауи сот жүйесі судьялардың VI съезінде қойған мақсаты шешімін табатыны сөзсіз.

Дыбыстық, бейнежазба құралдарын қолдануы бейнеконференцбайланыс арқылы конференция, кеңес, дәріс сабактарын өткізуге жол ашып, қатысушылардың уақытын, жол сапарының материалды шығынын үнемдейтіні даусыз.

БААТЖ бағдарламасы құқықтық статистиканың бір бөлігі – сот статистикасын автоматты түрде қалыптастырады. Азаматтық, қылмыстық, өкімшілік істер мен материалдар бойынша мәліметтерді есептік-статистикалық картішкелеріне сот мамандары енгізіліп, **БААТЖ** бағдарламасы ай сайын есепті қалыптастырып отырады. Статистика сандық және сапалық көрсеткіштерді есепке алып, істердің қаралған санын, қарау қорытындысын мезгіл сайын шығарып отырады. Статистика негізінде талдамалы ақпарат жасалып, азаматтар өздерінің құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде мәліметті айқындейды.

Мемлекеттік, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалатын сот істерінен басқа істер бойынша ақпарат алуға **Жоғарғы Соттың**, басқа да соттардың интернет желісінде «Сот актілерінің анықтамалығы» баннері орналасқан. Анықтамалықта қол жеткізуде ашық сот отырысында қаралған істер бойын-

ша сот актілерімен, хаттамаларымен танысуға болады.

Қарағанды облыстық сотының бағдарламашылары сотқа келушілерге «Ақпараттық киоск», «Сот істерінің анықтамалығы», аудан және қала соттарының сайттарын өзірлеп, іске қосылған, 27 мәжіліс зал дыбыс-бейне жүйесімен қамтылған.

Облыс соттарының сайттары, оның ішінде Қарқаралы аудандық сотының сайты бүгінгі күні сот жүйесінің алдында тұрған мақсаттардың бірі – сот жұмысының ашықтығын, халыққа қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Аудандық, қалалық соттарының сайты осы мақсатқа жету үшін соттардың жариялышының арттыруға, сот билігінің абырайын нығайтуға, саладағы атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижелері жайлы хабардар етуге бағытталған.

Веб-сайт атқарылып жатқан жұмыстар туралы, сондай-ақ тағайындалған істер бойынша ақпарат беріліп отырылады.

2011 жылдың 21 қарашасында Қазақстан Республикасы **Жоғарғы Соттың** төрағасы «Қазақстан Республикасының соттарында электрондық сандық қолтаңбаны қолдану туралы» өкімге қойды. Бүгінгі күні сот актісі **БААТЖ** бағдарламасына енгізілен сөтте бірден судья оған электрондық сандық қолтаңбасын қояды.

Электрондық сандық қолтаңба құжаттың, оның ішінде сот актілерінің зандаулығын қамтамасыз етеді.

Тағы бір маңызды өзірленім – ол Электрондық үкімет порталы арқылы электронды талап арыздарды, хаттамаға ескертпелерді, сот отырысының хаттамасын электронды түрде жолдау туралы өтініштердің қабылдануы.

Қазақстан Республикасы **Жоғарғы Соттың** жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті 2012

жылды сот процесіне қатысушыларды процеске электронды түрде, SMS арқылы шақыру тәсілін енгізді. Процеске қатысушылардың ұялы телефондарын құжаттарында көрсетуі талап етіліп, бұл сот процесіне абоненттік нөмірмен SMS арқылы шақырылуы өзінің қолайлылығын дәлелдеді. БААТЖ бағдарламасына абонентке хабарламаның жеткізілгені жөнінде мәлімет түсуі қамтамасыз етілген.

Сотқа шақырудың жаңа тәсілі Елбасының «Өлеуметтік-экономикалық жаңырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Жолдауы бойынша қабылданған шараларының бірі болды.

Тағы бір айта кететін өзірленім – «электрондық бақылау өндірісі», 2013 жылды қолданысқа енгізілді. Бұл өзірлеу сот процесінің тараптарына қатысқан іс бойынша БААТЖ бағдарламасындағы есептік-статистикалық көртішкеге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Ис бойынша тараптар сот кеңсесінен белгіленген іс бойынша өтініш беріп, құпия сөзін алады. Өрі қарай интернет желісінде «электрондық бақылау өндірісіне» кіріп, құпия сөзі арқылы БААТЖ бағдарламадағы іс бойынша көртішкеден толық мәлімет ала алады. Сот істерінің анықтамалығында тек сот актілеріне қол жеткізе, «электрондық бақылау өндірісінде» сот актілерімен қатар кіріс, шығыс құжаттарға қол жеткізеді. Бақылау өндірісі процеске қатысушыға өтініштерінің тіркелген күнін, кімге орындауға жолданғаны туралы, сұранымдарға түскен жауаптар, басқа да іс бойынша құжат айналымын көрсетеді.

Осылайша, бүгінгі күні, электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесін енгізіліп, сот ісін жүргізуде қазіргі заманғы бағдарламалық өнімдер пайдаланылып, ақпараттық технологиялар арқылы Қазақстан халқына көптеген ақпараттық қызметтер көрсетіліп, Рес-

публиканың сот жүйесінің тиімділігін, қолжетімділігі және ашықтығын одан әрі арттыруға қажетті жағдайлар жасалды.

Бұдан әрі, 2012 жылғы 4 маусымдағы № 194 Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Төрағасының Өкімімен бекітілген «Қазақстан Республикасының сот жүйесінің одан әрі ақпараттандыру тұжырымдамасы» негізінде республика соттарында озық технологиялар қолданысы кеңейіп, халықаралық тәжірибесі пайдаланылып, жүргізіліп отырған құқықтық саясаттың тиімділігін арттыруға, мемлекеттің бөсекеге қабілеттілігін нығайтуға, қоғамның сот органдарының қызметіне қанағаттануы деңгейінің өсуіне, халықтың соттарға сенімінің артуына ықпал ететін болады.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы судьяларының VI съезінде белгіленген тапсырмалардың бірі болып табылатын электрондық сот өндірісін кеңінен жандандыру мақсаты алдағы кезеңде жүзеге асырылатынына сенімдіміз.



Өдебиет тізімі:

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы
2. Қазақстан Республикасы судьяларының VI съезінің материалдары
3. 2012 жылғы 4 маусымдағы № 194 Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Төрағасының Өкімімен бекітілген «Қазақстан Республикасының сот жүйесінің одан әрі ақпараттандыру тұжырымдамасы»
4. Юрченко Р.Н., Сакалов Б.З. О применении новых технологий в системе правосудия